

әскери бөлшегі бар деп есептеді. Президент М. Ахмадинежад тұсында Иран-Израиль қайшылықтары күрделене түсті. Израиль Иранға қарсы жариялаған БҰҰ, АҚШ және ЕО-ның санкцияларын жеткіліксіз деп санады. Израиль үкіметі Иранға саяси-экономикалық қысым нәтижесіз болса, ИЯБ-сы мәселесін әскери күш қолдану жолымен шешу саясатын қолдады [4].

Иранның ядролық бағдарламасының дамуы араб монархиялары тарапынан Иран мен БАӘ арасындағы Парсы шығанағындағы үлкен және кіші Томб, Әбу Мұса дауымен байланыстырылады. Бұл аралдарды 1971 ж. Иран Англия Парсы шығанағынан кеткеннен кейін басып алған болатын. АЭС-ның біреуі Парсы шығанағының жағалауында орналасқан Бушер қаласында болғандықтан бұл қауіпсіздік, экономикалық және экологиялық жағынан да араб елдерін мазасыздандырады. Иранның соңғы он жылдағы ядролық бағдарламасына байланысты мәселе де араб монархияларының Иранға сенімсіздігін күшейтті. Араб монархиялары Иранның ядролық бағдарламасының әскери бағытта екенін айтып, оның дамуына қарсылықтар көрсете бастады. Олар Парсы жағалауын ядролық қарусыз аймақ ретінде жариялауды ұсына отырып, бұл аймақ қауіпсіздігінің бүкіл Таяу Шығыс аймағының қауіпсіздігімен тығыз байланыста екенін түсінеді. Бірінші рет бұл аймақты ядролық қарудан азат аймақ етіп жариялау туралы мәселені БҰҰ Бас Ассамблеясы 1974 ж. өзінің 29 сессиясында Иранның және Египеттің ұсынысымен қарайды. БҰҰ-ның қабылданған қарарында бұл идея кең қолдау тапты. Сол кезеңде бұл идеяны қолдамаған жалғыз Израиль мемлекеті болды. Ал Таяу Шығыста ядролық қауіпсіздікті Израиль ядролық қаруды иеленіп отырған кезде қамтамасыз ету мүмкін емес. Бірақ Парсы жағалауын ядролық қарусыз аймақ ретінде жариялауды бүкіл Таяу Шығысты ядролық қарусыз аймаққа айналдыру жолындағы алғашқы қадам ретінде қарастыруға болады. Ядролық қауіпсіздікті және ядролық қарудың таралмауын қамтамасыз етуде ядролық қарудан азат аймақтар құрудың маңызы зор. Ядролық қарудан азат аймақтар құру жолындағы іс-әрекетер тарихы 1950-ші жж. II жартысынан басталған, ал 1980-ші жж. әлемдік сипатқа ие болған. Ядролық қарудан азат аймақтар құруға ұмтылыс қазіргі уақытта да жалғасуда. Осындай

аймақ 2006 ж. еліміздің президенті Н. Назарбаев идеясымен Орталық Азияда құрылды.

Иран Парсы жағалауы мемлекеттері арасынан ядролық бағдарламасын дамытуда өзіне одақтастар таба алмайды. Иранмен көршілес жатқан Пәкістан ЯҚТК шеңберінен тыс ядролық қаруды жасап шығарды, Түркия АҚШ-тың ядролық қолшатыры» шеңберінде «қырғи қабақ соғыс» аяқталса да қалуда. Түркия бейбіт мақсаттағы Иран ядролық бағдарламасына қолдау көрсетіп, оның әскери бағытта дамуына қарсылық көрсетеді. Қазіргі уақытқа дейін Иран өзінің ядролық бағдарламасының мазмұнын толық жарияламай және территориясындағы барлық ядролық объектілерге МАГАТЭ мамандарының тексерісіне толық рұқсат бермей әлемдік қауымдастықтың қысымына ұшырады. Әлемдік қауымдастықтың қысымы мен әртүрлі шараларына қарамастан Иран ядролық бағдарламасын дамытуды тоқтатқан жоқ. Олардың сүйеніп отырған негізгі дәлелі: «бейбіт мақсатта ядролық технологияларды дайындауға құқылы» екендігі [3]. Иранның ядролық бағдарламасын объектілерді жою арқылы тоқтату мүмкін емес. Өйткені ядролық объектілер елдің әр түрлі аймақтарында орналасқан.

Иранның ядролық бағдарламасына байланысты қазір Араб монархиялары да өздерінің ядролық бағдарламаларын дамыту саясатына көшті. 2020 жылға қарай Сауд Арабиясында алғашқы АЭС-сының жұмысы жоспарланып отыр. Ал бұл бейбіт ядролық бағдарламалар қарсыластыққа байланысты әскери сипат алуы мүмкін. Тарихтан өзіміз білетіндей, мысалы, Оңтүстік Азиядағы, Корей түбегіндегі саяси қарсыластық ядролық қару жасауға әкеліп соқтырған болатын.

Иранның ядролық бағдарламасына байланысты араб елдерінің ұстанымы бірдей болмады. Египеттегі Хосни Мұбарак билігі тұсында ядролық технологияларды пайдалану мәселесі бойынша Иран – Египет ұстанымдары ұқсас болды. Олар Таяу Шығысты ядролық қарусыз аймаққа айналдыру және бейбіт мақсатта ядролық бағдарламаны дамыту саясатын ұстанды. Иранның ядролық мәселесін Египет бейбіт жолмен шешу бағытын ұстанды. Египетті Таяу Шығыс аймағында Израильдің ядролық бағдарламасы көбірек алаңдатады. Израильдің ядролық қару иеленуі аймақтағы қауіпсіздіктің

негізгі қауіп саналды. Иранның бейбіт ядролық бағдарламасын оның аймақтағы әріптесі Сирия қолдайды.

Қытай да әлемдегі саяси және экономикалық орталықтардың бірі ретінде Иранның бағдарламасына байланысты өз ұстанымына сәйкес оның бейбіт реттелуіне мүдделі. Қытай өзінің экономикалық мүдделеріне байланысты Иран ядролық бағдарламасының әскери сипат алуына қарсылық көрсете отырып, аймақтағы саяси тұрақтылықты сақтауға ұмтылады. Сондай-ақ Қытай Иранның ядролық мәселесі төңірегіндегі осы аймақтағы «үлкен ойынның» өзіне қарсы бағытталғанын көреді. АҚШ осы аймаққа байланысты саясатында Қытайды ығыстыру бағытын ұстанып отыр. Қытай ядролық қаруды таратпау қажеттігін түсіне отырып, БҰҰ-ның Иранға жарияланған халықаралық санкцияларын толық қолдады. Иран ядролық мәселесінің бейбіт түрде шешілуін қолдаған Қытай, Иран мен «алты мемлекет» шеңберіндегі келіссөздерде негізгі орынды иеленді. Қытайдың Иран ядролық бағдарламасын реттеудегі негізгі ұстанымы оның экономикалық саясатымен тығыз байланысты. Қытай Иран мұнайын сатып алудағы оның негізгі әріптесі, екі мемлекет арасында сауда-экономикалық байланыстар жоғарғы қарқынмен дамыған.

Қытай, сонымен қатар аймақтағы Иранның негізгі бәсекелестерімен де экономикалық байланыстар орнатқан. Араб монархиялары Қытайды аймақтағы саяси тұрақтылықты сақтаудағы негізгі күш ретінде қарастырады. 2012 ж. Қытай мен Сауд Арабиясы арасында атомдық энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Бұл келісім бойынша Сауд Арабиясында салынатын АЭС бойынша Қытай оның негізгі әріптесі болады.

Қытай мен Ресей де Иранның ядролық бағдарламасының ашық болғанын қалайды. Иранды МАГАТЭ ұйымымен ынтымақтасуға шақырады.

Ядролық қаруды иелену ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді, керісінше кедергілер жасайды. Өйткені қазір көріп отырғанымыздай,

ядролық қаруы бар мемлекеттерге қалған мемлекеттер сенімсіздікпен қарайды. Ядролық қарудың таралуы халықаралық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Ядролық қауіпсіздік – қазіргі кезеңдегі маңызды жаһандық мәселелердің бірі. Ядролық қауіпсіздікті сақтау қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі. Адамзаттың болашағы үшін әлемдік қауымдастық осы салада бірлесіп қызмет жасау керек. 2010 ж. 13 сәуірде Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздіктің жаһандық саммиті осы мәселенің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Саммитке қатысушылар ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ұлттық деңгейдегі жауапкершілікпен қатар тұрақты және тиімді халықаралық ынтымақтастықтың қажеттігіне назар аударады. Мемлекеттердің негізгі міндеті ретінде ядролық материалдардың барлық түрін, оның технологиясы мен мәліметтерін тиімді қорғау екені туралы айтылады. Ядролық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ұйымдар, оның ішінде МАГАТЭ мен БҰҰ-ның рөлі мойындалып, халықаралық құжаттардың мақсатына қолдау көрсетіледі.

Осы жылы тамызда Иранда президенттік билікке Хасан Роуханидің келуімен Иранның ядролық мәселесін реттеуде жаңа бір кезең басталды. Он жылға созылған Иранның ядролық бағдарламасы мәселесіне байланысты осы жылы 24 қарашада Иран мен оның ядролық бағдарламасы бойынша халықаралық реттеуші рөлін атқарып жүрген «алтылық» келісімге келді. Бұл Женевадағы келісім бойынша Иран ядролық бағдарламасы шеңберінде жұмыстарын қысқартады, халықаралық эксперттерге тексеру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Ал Батыс елдері тарапынан Иранға қарсы жарияланған экономикалық санкциялар жеңілдетіледі. Бұл жасалған келісім әлемдік қауымдастық қолдауына ие болды және Иранның да аймақтық және халықаралық деңгейдегі қарым-қатынастары да жаңа сипатқа ие бола бастады.

Әдебиеттер

- 1 Ядерное оружие после «холодной войны». – М.:РОССПЭН, 2006.
- 2 Арбатов А.Г. Ползучий кризис// Азия и Африка сегодня. – №8. – 2012.
- 3 Иванов И.С. Иранская ядерная программа: Позиция России// Азия и Африка сегодня. – №8. –2012.

4Стегний П.В. Противостояние Израиль-Иран: региональные и глобальные риски// Азия и Африка сегодня. – №8. –2012.

5 Ядерное оружие и национальная безопасность. – М., 2008.

References

1 Yadernoe orugie posle “holodnoi voyni”. – М., 2006

2 A.G. Arbatov Polzuchi krizis// Azia i Afrika segodnya, №8, 2012.

3 I.S.Ivanov Iranskaya iadernaya programma:Pozicya Rossyi// Azia i Afrika segodnya, №8, 2012.

4 P.V.Stegnyi Protivostoyanie Izrael-Iran: regyanalnie i globalnie risky// Azia i Afrika segodnya №8 2012.

5 Yadernoe orugie i nacionalnaya bezopasnost. – М., 2008.

ӘОЖ 314(091)(5)

Б.К. Базаркулова

Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ және ӘТ университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: bazarkulova.bk@gmail.com

Иранның ядролық бағдарламасы және аймақтық қауіпсіздік

Бұл мақалада Таяу Шығыстың аймақтық қауіпсіздігінде маңызды орынды иеленетін ядролық қауіпсіздік мәселесі Иранның ядролық бағдарламасы шеңберінде қарастырылады. Иран өзінің ядролық бағдарламасының бейбіт сипатта екенін жариялағанымен, оның төңірегіндегі «үлкен ойын» аймақтық және жаһандық деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне өзінің теріс әсерін тигізді. Бұл мәселеге байланысты АҚШ пен Израиль күш қолдану саясатын ұстанса, Ресей мен Қытай аймақтағы өздерінің саяси және экономикалық мүдделерін ескере отырып, оны бейбіт жолмен шешуге шақырды. Аймақта, әсіресе Парсы шығанағындағы араб монархиялары Иранның ядролық бағдарламасының әскери сипатқа ие болу мүмкіндігінен қауіптенуде. Иранның «алтылық» мемлекеттермен келісімге келуі оның ядролық мәселесінің шешілуінің бастамасы болуда.

Түйін сөздер: Ядролық энергетика, Иранның ядролық бағдарламасы, АҚШ, Ресей, Қытай, аймақ елдері.

Б.К. Базаркулова

Ядерная программа Ирана и региональная безопасность

В этой статье рассматривается Иранская ядерная программа в контексте региональной безопасности. **Ключевые слова:** Ядерная энергетика, ядерная программа Ирана, США, Китай, Россия, региональные страны.

B.K. Bazarkulova

Nuclear program of Iran and regional security

This article of the nuclear program of the Iran in a context of regional security.

Keywords: Nuclear power, nuclear program of Iran, USA, China, Russia, regional countries.

Соңғы он жылда халықаралық қатынастар жүйесіндегі маңызды мәселенің бірі Иранның ядролық бағдарламасы болды. Ядролық қауіпсіздік мәселесі – Таяу Шығыстағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі негізгі мәселелердің бірі. Бұл мәселеге байланысты аймақ елдері өздерінің қарсылықтарын білдіріп, Батыстың Иранға қарсы жариялаған қысымына қосылды.

Таяу Шығыста, бір жағынан, энергетикалық ресурстар қоры шоғырланған. Екінші жағынан, аймақтық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін мәселелер де жеткілікті. Сондықтан аймақтық қауіпсіздік мәселелері тек аймақ шеңберінде ғана емес,

әлемдік деңгейде де қарастырылуда. Иранның ядролық бағдарламасы ислам революциясынан кейін басталған Иран-АҚШ қайшылықтарын күшейтті. АҚШ үкіметі Иранның ядролық бағдарламасының мақсаты атом қаруын жасау екенін айтып дабыл қақты. Ал ИИР-сының ресми басшылығы ядролық бағдарлама тек бейбіт мақсатты көздейтіні туралы жариялай отырып, жоспарларынан бас тартпады. Әрине, «қырғи қабақ соғыс» жылдарындағы ядролық соғыс қауіпсіздігі қазіргі уақытта жойылды. Бірақ сол кезеңде ядролық қару иеленген мемлекеттердің қатары жаңа мемлекеттермен толықты және қазіргі уақытта да ядролық қару

иеленуге ұмтылыс сақталған. Бұл халықаралық қатынастарға ықпал етуде.

Ядролық энергетика – әлемдік энергия өндірісі жүйесінің бір бөлшегі. Ядролық қаруды таратпау туралы келісімнің төртінші бабына және МАГАТЭ ұйымының уставына сәйкес кез келген мемлекеттің атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануға құқы бар. [5] Қазіргі уақытта біраз дамыған және дамушы елдерде ядролық энергетика электр энергиясын алудың маңызды көзінің бірі болып саналады. Сондықтан болашақта атомдық энергетиканы пайдаланатын елдердің саны, әрине, толығы түседі. Ядролық энергетиканың дамуы оның қауіпсіздік және экономикалық мәселелеріне де көп көңіл бөлуді талап етеді.

Иранның ядролық бағдарламасының тарихы шах заманынан басталып, ислам режимінің қалыптасу кезеңінде тоқтатылып, 90-шы жылдардың басында қайта дамыды. Ядролық энергетика саласындағы ИИР-сының қазіргі әріптесі Ресей мемлекеті және екі ел арасындағы бұл саладағы ынтымақтастық 1992 ж. басталды. 1992 ж. тамызда Ресей Федерациясы мен ИИР-сы үкіметтері арасында АЭС салу және атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануда ынтымақтасу туралы бірінші келісімге қол қойылады. 2003 ж. МАГАТЭ инспекторлары Иранның ядролық энергетика саласындағы қызметінде көп ілгерілеушіліктің барын мойындады. Осы уақыттан бастап, Иран ядролық мәселесіне әлемнің назары ауды. Ал 2005 ж. Иранда президенттік билікке неоконсерватор М. Ахмадинежадтың келуіне байланысты бұл мәселе ушыға түсті. 2006 жылдан бастап БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі Иранға байланысты қарарлар қабылдады. Ресей мен Қытай ядролық қаруды таратпау туралы келісімнің қатаң сақталуын назарға ала отырып, Иранның ядролық бағдарламасының бейбіт сипатта дамуын қалайды. Иран Қытай үшін ең басты экономикалық әріптес, сондықтан Қытай Иранның ядролық бағдарламасының бейбіт жолмен шешілуіне қолдау көрсетеді.

Тарихтан білетініміздей, мемлекеттердің бір-бірімен бақталастығы, қауіпсіздік кепілінің болмауы ядролық қаруды иеленуге итермелейді. Мемлекеттер арасындағы қайшылықтар және үстемдік жағдайға ие болу ұмтылысы қазіргі уақытта ядролық қаруы бар мемлекеттердің пайда болуына әкелді. Олардың санының көбеюі-

не «қырғи қабақ соғысы» жылдары АҚШ пен КСРО-ның сол елдермен осы саладағы ынтымақтастығы белгілі бір жағдайда әсер етті. Иранның да қазіргі ядролық бағдарламасы шах тұсындағы бағдарламаға негізделген. Оның негізі АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінің көмегімен қаланды [5].

Иранның ядролық бағдарламасының әскери сипатын дамытпауға жол бермеу үшін ол тек бейбіт жолмен реттелу керек. Иранның ядролық бағдарламасы аймақ елдері арасында үлкен алаңдаушылық туғызды. Иран ядролық қаруға ие бола қалса, бұл аймақтағы күштер ара салмағын өзгертеді. Аймақтағы Сауд Арабиясы, Түркия, Египет осыған ұмтылыс жасайды және аймақтағы елдердің қарулануын күшейтіп, әлеуметтік-экономикалық жағдайын әлсіретуге әкеледі. Бұл ядролық қаруды таратпау туралы келісімге үлкен соққы беріледі деген сөз. Осы аймақтағы мемлекеттер Иранның ядролық бағдарламасының бейбіт жолмен шешілуін қалайды. Өйткені соғыс бола қалған жағдайда аймақтағы елдер оған еріксіз тартылады. Таяу Шығыс аймағын ядролық қарусыз аймаққа айналдыру Египеттің де маңызды сыртқы саяси стратегиясының бірі болды. Ол да өзінің атомдық энергия бағдарламасын бейбіт мақсатта пайдалану ниетін жариялады. Араб елдерін Израильдің ядролық арсеналы мазасыздандырады. Израиль іс жүзінде ядролық қаруы бар мемлекет болғанымен, ресми түрде өзінде ядролық қару барын мойындамайды және жоққа да шығармайды. Бұл салада Израиль МАГАТЭ және басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықтан бас тартып отыр. Осы аймақта ядролық қаруды иеленген жалғыз мемлекет болғысы келеді [1]. Осы мәселеде Батыс екі жақты саясат ұстанды, Израильге ешқандай қысым көрсетпей, ал Иранды санкциялармен қорқытуда. Израильдің ядролық қаруға ие болуы және жалпы қарулану саясаты аймақтағы басқа елдерді де жаппай қырып жоятын қаруды иеленуге итермелейді. Бірақ араб елдері дипломатиялық талпыныстарына қарамастан Израильге халықаралық қысым ұйымдастыра алмай отыр. Израиль өзінде ядролық қару барын мойындамайды және оның ядролық бағдарламасына МАГАТЭ бақылауы орнатылмаған. 1990 жылдары Иранның ядролық бағдарламасының қайта жандануына байланысты Израиль оған үлкен қарсылық көрсетті. Ол Иранның ядролық бағдарламасының құпия